**«Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ бойынша ӨКІМ**

**Қарағанды қ.** **№ 73** **«06» 09 2022 ж.**

**2022-2023 оқу жылында оқу процесін ұйымдастыру тәртібі туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен бекітілген «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларына», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығымен бекітілген «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларына», Қарағанды техникалық университетінің Жарғысына, Ішкі тәртіп ережелеріне, Академиялық саясат туралы қағидаға, Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген, 08.07.2022 ж. № 13 хаттама, Академиялық күнтізбеге, және университеттің оқу процесінің кестесіне сәйкес 2022-2023 оқу жылына оқу процесін ұйымдастырудың келесі тәртібі белгіленсін:

1. **Жалпы ережелер**

1.1. Оқу процесінің кестелері:

1-кесте

Бакалавриат (күндізгі түрі)

| Курс | Мамандық | Теориялық оқытудың басталуы | Апта саны | Теориялық оқытудың аяқталуы | Сессия кезеңі | Практика кезеңі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Күзгі семестр** | | | | | | |
| 1-4 | Барлық мамандық | 01.09.2022ж. | 15 | 10.12.2022ж. | 12.12.2022ж. - 31.12.2022ж. | - |
| 5 | «Сәулет» және «Дизайн» мамандықтары | 01.09.2022ж. | 15 | 10.12.2022ж. | 12.12.2022ж. - 31.12.2022ж. | - |
| **Көктемгі семестр** | | | | | | |
| 1-3 | Барлық мамандық | 16.01.2023ж. | 15 | 29.04.2023ж. | 02.05.2023ж.- 20.05.2023ж. | 22.05.2023ж. - 24.06.2023ж. |
| 2 | ЕЖ базасында қысқартылған оқу мерзімі | 16.01.2023ж. | 7 | 04.03.2023ж. | 06.03.2023ж. - 11.03.2023ж. | 13.03.2023ж.- 15.04.2023ж. |
| 2 | ЕЖ базасында қысқартылған оқу мерзімі | Қорытынды аттестаттау 17.04.2023ж. – 24.06.2023ж.<br>Оқу бітіру жұмыстарын қорғау 29.05.2023ж. – 24.06.2023ж. | | | | |
| 3 | Арнайы орта білім базасында қысқартылған оқу мерзімі | 16.01.2023ж. | 7 | 04.03.2023ж. | 06.03.2023ж. - 11.03.2023ж. | 13.03.2023ж.- 15.04.2023ж. |
| 3 | Арнайы орта білім базасында қысқартылған оқу мерзімі | Қорытынды аттестаттау 17.04.2023ж. – 24.06.2023ж.<br>Оқу бітіру жұмыстарын қорғау 29.05.2023ж. – 24.06.2023ж. | | | | |
| 4 | «Сәулет» және «Дизайн» мамандықтарынан басқа барлық мамандық | Диплом алдындағы практика13.03.2023ж. – 15.04.2023ж.<br>Қорытынды аттестаттау 17.04.2023ж. – 24.06.2023ж.<br>Оқу бітіру жұмыстарын қорғау 29.05.2023ж. - 24.06.2023ж. | | | | |
| 4 | «Сәулет» және «Дизайн» мамандықтары | 16.01.2023ж. | 15 | 29.04.2023ж. | 02.05.2023ж.- 20.05.2023ж. | 22.05.2023ж. - 24.06.2023ж. |
| 5 | «Сәулет» және «Дизайн» мамандықтары | Диплом алдындағы практика16.01.2023ж. – 18.02.2023ж.<br>Қорытынды аттестаттау 20.02.2023ж. – 24.06.2022ж. | | | | |

| | | Оқу бітіру жұмыстарын қорғау 29.05.2022ж. – 24.06.2022ж. |
|---|---|---|

2-кесте

Магистратура

| Курс | Мамандық | Теориялық оқытудың басталуы | Апта саны | Теориялық оқытудың аяқталуы | Сессия кезеңі | Практика кезеңі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Күзгі семестр** | | | | | | |
| 1 (1; 1,5; 2 жыл) | Барлық мамандық | 01.09.22ж. | 15 | 10.12.22ж. | 12.12.2022ж.- 31.12.2022ж. | - |
| 2 (1,5 жыл) | Барлық мамандық | 01.09.22ж. | 15 | 10.12.22ж. | 12.12.2022ж.- 16.12.2022ж. | - |
| 2 (1,5 жыл) | Барлық мамандық | Қорытынды аттестаттау және магистрлік жобаларды қорғау 19.12.2022ж. – 31.12.2022ж. | | | | |
| 2 (2 жыл) | Барлық мамандық | 01.09.22ж. | 15 | 10.12.22ж. | 12.12.2022ж.- 31.12.2022ж. | 01.09.22ж.- 09.12.22ж. |
| **Көктемгі семестр** | | | | | | |
| 1 (1 год) | Барлық мамандық | 16.01.23ж. | 15 | 29.04.23ж. | 02.05.2023ж.- 20.05.2023ж. | 16.01.23ж.- 28.04.23ж. |
| 1 (1 год) | Барлық мамандық | Қорытынды аттестаттау және магистрлік жобаларды қорғау 22.05.2023ж. – 30.06.2023ж. | | | | |
| 1 (1,5 жыл) | Барлық мамандық | 16.01.23ж. | 15 | 30.04.22ж. | 05.06.2023ж.- 23.06.2023ж. | 20.02.23ж.- 02.06.23ж. |
| 1 (2 жыл) | Барлық мамандық | 20.02.23ж. | 15 | 03.06.23ж. | 05.06.2023ж.- 23.06.2023ж. | 16.01.23ж.- 17.02.23ж. |
| 2 (2 жыл) | Барлық мамандық | 16.01.23ж. | 15 | 29.04.23ж. | 02.05.2023ж.- 20.05.2023ж. | - |
| 2 (2 жыл) | Барлық мамандық | Қорытынды аттестаттау және магистрлік диссертацияларды қорғау 22.05.2023ж. – 30.06.2023ж. | | | | |

3-кесте

Докторантура

| Курс | Мамандық | Теориялық оқытудың басталуы | Апта саны | Теориялық оқытудың аяқталуы | Сессия кезеңі | Практика кезеңі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Күзгі семестр** | | | | | | |
| 1 | Барлық мамандық | 01.09.22ж. | 15 | 10.12.22ж. | 12.12.2022ж.- 31.12.2022ж. | 01.09.2022ж. – 31.12.2022ж. 16.01.2023ж. – 27.01.2023ж. |
| 2, 3 | Барлық мамандық | 01.09.22ж. | 15 | 10.12.22ж. | 12.12.2022ж.- 31.12.2022ж. | - |
| **Көктемгі семестр** | | | | | | |
| 1 | Барлық мамандық | 16.01.23ж. | 15 | 29.04.23ж. | 02.05.2023ж.- 20.05.2023ж. | 06.02.23ж.- 23.06.23ж. |
| 2, 3 | Барлық мамандық | 16.01.23ж. | 15 | 29.04.23ж. | 02.05.2023ж.- 20.05.2023ж. | |
| 3 | Барлық мамандық | Диссертация жазу және қорғау 22.05.2023ж. – 30.06.2023ж. | | | | |

4-кесте

Магистратура (қысқы қабылдау)

| Курс | Мамандық | Теориялық оқытудың басталуы | Апта саны | Теориялық оқытудың аяқталуы | Сессия кезеңі | Практика кезеңі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Күзгі семестр** | | | | | | |
| 1 | Барлық мамандық | 15.08.22ж. | 15 | 26.12.22ж. | 28.11.2022ж.- | - |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 15.12.2022ж. | |
| (1; 1,5; 2 жыл) | | | | | | |
| 2 (1,5 жыл) | Барлық мамандық | Қорытынды аттестаттау және магистрлік жобаларды қорғау 28.11.2022ж. – 28.12.2022ж. | | | | |
| **Көктемгі семестр** | | | | | | |
| 1 (1 год) | Барлық мамандық | 09.01.23ж. | 15 | 22.04.23ж. | 05.06.2023ж.-30.06.2023ж. | 24.04.23ж.-03.06.23ж. |
| 1 (1,5 жыл) | Барлық мамандық | 09.01.23ж. | 15 | 22.04.23ж. | 05.06.2023ж.-30.06.2023г | 27.03.23ж.-03.06.23ж. |
| 1 (2 жыл) | Барлық мамандық | 09.01.23ж. | 15 | 22.04.23ж. | 05.06.2023ж.-30.06.2023ж. | 27.03.23ж.-03.06.23ж. |
| 2(1,5 жыл) | Барлық мамандық | 01.02.23ж. | 15 | 13.05.23ж. | | |
| 2 (2 жыл) | Барлық мамандық | 01.02.23ж. | 15 | 13.05.23ж. | 15.05.2023ж.-17.06.2023ж. | 01.02.23ж.-13.05.23ж. |
| 2 (1,5 жыл) | Барлық мамандық | Қорытынды аттестаттау және магистрлік жобаны қорғау 15.05.2023ж. – 30.06.2023ж. | | | | |

5-кесте

Докторантура (қысқы қабылдау)

| Курс | Мамандық | Теориялық оқытудың басталуы | Апта саны | Теориялық оқытудың аяқталуы | Сессия кезеңі | Практика кезеңі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Күзгі семестр** | | | | | | |
| 1 | Барлық мамандық | 15.09.22ж. | 15 | 26.11.22ж. | 28.11.2022ж.-15.12.2022ж. | 15.08.2022ж. – 15.12.2022ж. |
| **Көктемгі семестр** | | | | | | |
| 1 | Барлық мамандық | 09.01.23ж. | 15 | 22.04.23ж. | 05.06.2023ж.-30.06.2023ж. | 27.03.23ж.-03.06.23ж. |
| 2 | Барлық мамандық | 09.01.23ж. | 15 | 22.04.23ж. | 05.06.2023ж.-30.06.2023ж. | |

1.2. ЖОО Жарғысын, Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін Университет әкімшілігі білім алушыларға оқудан шығаруға дейін әкелетін тәртіптік ықпал ету шараларын қолдануға құқылы.

1.3. Университеттен шығарылған білім алушыға транскрипт беріледі.

## 2. Үлгерімге ағымдағы бақылау жүргізу

2.1. Ағымдағы бақылау Академиялық саясат туралы қағиданың 5-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

2.2. Кафедра меңгерушілері **2022 жылғы 10 қыркүйекке дейін** 2022-2023 оқу жылында ағымдағы, межелік бақылау және аралық аттестаттау нәтижелерін енгізуге жауапты оқытушыларды Univer АЖ 2.0 бекітуге түзету енгізуі тиіс.

2.3. Ағымдағы бақылау бағаларын, сондай-ақ білім алушылардың аудиториялық сабақтарға қатысуын бекітілген пәндер мен сабақ түрлері және академиялық сабақтар кестесі бойынша силлабусқа сәйкес оқытушылар **күн сайын** «Univer 2.0» АЖ-ға қоюы тиіс.

2.4. Оқыту қашықтықтан білім беру технологияларын пайдалана отырып, кесте бойынша ЖОО сайтында орналастырылған материалдардың, бейне жазбалардың, онлайн-конференциялар түріндегі көзбе-көз қарым-қатынастың, сондай-ақ электрондық пошта, мэссенджерлер арқылы білім алушылармен байланыстың көмегімен жүргізіледі. Бірінші курс студенттері белгілі бір топтарға қабылданады, оларға университет сайтындағы жеке кабинетіне кіру үшін пароль беріледі. Бұл жеке кабинетте білім алушылар үшін оқуға қажетті материалдар – дәріс жазбалары, конспектілер, оқулықтар мен оқу құралдары, бақылау және басқа да тексеру материалдары орналастырылады. Онда оларға барлық сабақ түрлерінен семестрге тапсырмалар беріледі. Барлық материалдар білім алушыға электрондық пошта арқылы жіберілуі мүмкін.

2.5. Білім алушылар бекітілген академиялық сабақтар кестесі мен консультациялар кестесіне бағынуға тиіс. Студенттің міндетті түрде қатысуын талап ететін көзбе-көз қарым-қатынас форматында тек дәрістер, семинарлар немесе коллоквиумдар өткізіледі. Студент барлық басқа

материалдарды өзіне ыңғайлы уақытта оқи алады. Барлық бақылау тапсырмаларын, сынақтарды, емтихандарды және курстық жұмыстарды/жобаларды академиялық сабақтардың кестелері мен графиктеріне сәйкес мерзімде тапсыру қажет.

2.6. Әрбір білім алушыға куратор бекітіледі, ол оқу процесін ұйымдастыруға көмектеседі.

2.7. Оқытушылар БОӨЖ шеңберінде пән бойынша консультациялар кестесін жасауға және оны білім алушылардың назарына жеткізуге міндетті.

**3. Үлгерімге межелік бақылау жүргізу**

3.1. Межелік бақылау (аттестаттау) Академиялық саясат туралы қағиданың 6-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

3.2. Межелік бақылау бағасы силлабусқа сәйкес барлық пәндер мен сабақ түрлері бойынша күн сайын оқытушылар қоятын ағымдағы бақылау бағаларынан автоматты түрде құралады (5-7-кесте). Межелік бақылау бағалары мен емтихан бағаларын қою технологиясының сақталуын бақылау Тіркеу кеңсесінің басшысына жүктеледі.

6-кесте

Бакалавриат студенттері үшін межелік бақылаудан өту және оның нәтижелерін енгізу мерзімдері

| **Күзгі семестр** | | |
|---|---|---|
| **Межелік бақылау** | **Аттестаттау кезеңі** | **«Univer 2.0» АЖ-да межелік бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі** |
| I | 01.09.2022ж. – 22.10.22ж. | 17.10.2022ж. – 22.10.2022ж. |
| II | 24.10.2022ж. – 10.12.22ж. | 05.12.2022ж. – 10.12.2022ж. |
| **Көктемгі семестр** | | |
| I | 16.01.2023ж. – 11.03.2023ж. | 06.03.2023ж. – 11.03.2023ж. |
| II | 13.03.2023ж. – 29.04.2023ж. | 24.04.2023ж. – 29.04.2023ж. |

7-кесте

Магистранттарға арналған межелік бақылаудан өту және оның нәтижелерін енгізу мерзімдері

| **Күзгі семестр** | | |
|---|---|---|
| **Межелік бақылау** | **Аттестаттау кезеңі** | **«Univer 2.0» АЖ-да межелік бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі** |
| I | 01.09.2022ж. – 21.10.22ж. | 17.10.2022ж. – 21.10.2022ж. |
| II | 24.10.2022ж. – 09.12.22ж. | 05.12.2022ж. – 09.12.2022ж. |
| **Көктемгі семестр** | | |
| **Оқу мерзімі 2 жыл 1-курс магистранттары үшін** | | |
| I | 20.02.2023ж. – 15.04.2023ж. | 10.04.2023ж. – 15.04.2023ж. |
| II | 17.04.2023ж. – 02.06.2023ж. | 29.05.2023ж. – 02.06.2023ж. |
| **Қалған магистранттар үшін** | | |
| I | 16.01.2023ж. – 10.03.2023ж. | 06.02.2023ж. – 10.03.2023ж. |
| II | 13.03.2023ж. – 28.04.2023ж. | 24.04.2023ж. – 28.04.2023ж. |

8-кесте

Докторанттарға арналған межелік бақылаудан өту және оның нәтижелерін енгізу мерзімдері

| **Күзгі семестр** | | |
|---|---|---|
| **Межелік бақылау №** | **Аттестаттау кезеңі** | **«Univer 2.0» АЖ-да межелік бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі** |
| I | 01.09.2022ж. – 21.10.22ж. | 17.10.2022ж. – 21.10.2022ж. |
| II | 23.10.2022ж. – 09.12.22ж. | 05.12.2022ж. –09.12.2022ж. |
| **Көктемгі семестр** | | |
| **Межелік бақылау №** | **Аттестаттау кезеңі** | **«Univer 2.0» АЖ-да межелік бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі** |
| I | 16.01.2023ж. – 10.03.2023ж. | 06.03.2023ж. – 10.03.2023ж. |
| II | 13.03.2023ж. – 28.04.2023ж. | 24.04.2023ж. – 28.04.2023ж. |

9-кесте

Магистранттарға арналған межелік бақылаудан өту және оның нәтижелерін енгізу мерзімдері (қысқы қабылдау)

| Күзгі семестр | | |
|---|---|---|
| Межелік бақылау | Аттестаттау кезеңі | «Univer 2.0» АЖ-да межелік бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі |
| I | 15.08.2022ж. – 08.10.2022ж. | 03.10.2022ж. – 08.10.2022ж. |
| II | 10.10.2022ж. – 26.11.2022ж. | 24.11.2022ж. – 26.11.2022ж. |
| Көктемгі семестр | | |
| I (1 курс) | 09.01.2023ж. – 04.03.2023ж. | 27.02.2023ж. – 04.03.2023ж. |
| I (2 курс) | 01.02.2023ж. – 28.03.2023ж. | 30.03.2023ж. – 28.03.2023ж. |
| II (1 курс) | 06.03.2023ж. – 22.04.2023ж. | 17.04.2023ж. – 22.04.2023ж. |
| II (2 курс) | 29.03.2023ж. – 13.05.2023ж. | 08.05.2023ж. – 13.05.2023ж. |

Кесте 10

Докторанттарға арналған межелік бақылаудан өту және оның нәтижелерін енгізу мерзімдері (қысқы қабылдау)

| Күзгі семестр | | |
|---|---|---|
| Межелік бақылау № | Аттестаттау кезеңі | «Univer 2.0» АЖ-да межелік бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі |
| I | 15.08.2022ж. – 08.10.22ж. | 03.10.2022ж. – 08.10.2022ж. |
| II | 10.10.2022ж. – 26.11.22ж. | 21.11.2022ж. –26.11.2022ж. |
| Көктемгі семестр | | |
| Межелік бақылау № | Аттестаттау кезеңі | «Univer 2.0» АЖ-да межелік бақылау бағаларын қалыптастыру мерзімі |
| I | 09.01.2023ж. – 04.03.2023ж. | 27.02.2023ж. – 04.03.2023ж. |
| II | 06.03.2023ж. – 22.04.2023ж. | 17.04.2023ж. – 22.04.2023ж. |

3.3 Ғылыми кеңестің шешімімен бекітілген «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті» КеАҚ-тың Академиялық саясаты туралы» Қағидаға сәйкес «6.8-т. Факультет деканы немесе ЖООкБ басшысы жекелеген жағдайларда (ауруы, отбасы жағдайы, өзге де объективті себептер бойынша) өкім негізінде білім алушыға жеке кесте бойынша межелік бақылау тапсырмаларын тапсыруға рұқсат бере алады», ұзарту рәсімі келесі түрде жүргізіледі:

Білім алушы: объективті себептер бойынша ағымдағы және межелік бақылау тапсырмаларын уақытылы тапсырмаған жағдайда, ол емделу немесе басқа да жағдайлар аяқталғаннан кейін, оқуға шыққан күні факультет деканының немесе ЖООкБ басшысының атына ұзарту туралы өтініш жазуы тиіс. Өтінішке сабақтарда болмау себебін және силлабуста көрсетілген кестеге сәйкес орындалған тапсырмалар туралы есеп беру мүмкін еместігін растайтын құжаттардың түпнұсқалары қоса беріледі.

Декан/ЖООкБ басшысы: жеке кесте бойынша межелік бақылау тапсырмаларын тапсыру мерзімін ұзарту мүмкіндігі немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды, бұл туралы білім алушыға бас тарту себебін көрсете отырып хабарлайды. Оң шешім қабылданған жағдайда факультет деканы/ЖООкБ басшысы өкім шығарады, онда жеке кесте бойынша тапсырмаларды тапсыруға рұқсат етілетін пәндер мен бақылау түрі міндетті түрде көрсетіледі. Өкім тіркеуші кеңсеге және пән бекітілген кафедраға беріледі.

Тіркеуші кеңсе бақылау түріне байланысты (РК1, РК2) ұзартуды жүргізеді:

- егер бірінші межелік бақылауды ұзарту екінші межелік бақылау басталғанға дейін жүзеге асырылса, онда екінші межелік бақылау балын 200 баллға дейін енгізу мүмкіндігі ұлғайтылады (*оқытушы балл қою кезінде екі межелік бақылау сомасын ескереді*);

- егер екінші межелік бақылау мерзімін ұзарту қажет болса, онда тапсырылмаған емтиханмен (incomplete ведомосі) бірге екінші межелік бақылау бағасын енгізу мүмкіндігі ашылады.

- егер білім алушы дәлелді себептер бойынша межелік бақылау бойынша жоғары бағаға үміткер болса, онда оған деканның/ЖООкБ басшысының оң шешімінен кейін РК2 тапсырудың және емтиханның жеке мерзімдері тағайындалады. Емтихан күні кесте бойынша емтихан

ведомосына оның келмегені белгіленеді. Емтиханда оң баға болған жағдайда Incomplete ведомосы ашылмайды.

**4. ҚБТ қолдана отырып білім алушылар үшін межелік бақылау мен аралық аттестаттау жүргізу**

ҚБТ қолдану арқылы білім алушылар үшін үлгерімге ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу:

1) телекоммуникациялық құралдарды пайдалана отырып, білім алушы мен оқытушының «on-line» режимінде тікелей қарым-қатынасы;

2) автоматтандырылған тестілеу кешендері;

3) жазбаша жеке тапсырмаларды тексеру.

Үлгерімді ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау оқытушы айқындайтын оқу жұмысының әртүрлі түрлерімен (тесттер, практикалық тапсырма және т.б.) ұсынылуы мүмкін.

Ағымдағы және аралық аттестаттау тапсырмаларының күрделілік деңгейі өткен материалға сәйкес келуі және білім алушылар үшін қолжетімді болуы тиіс.

Аралық аттестаттауға тесттік және өзге де тапсырмаларды әзірлеуге пәнді (модульді) жүргізетін оқытушы жауапты болып табылады.

Оқытушылар үлгерімге ағымдағы бақылау және аралық аттестаттау жүргізу кезінде онлайн прокторинг технологияларын қолдана отырып, білім алушыларды верификациялауды жүргізуге міндетті.

**5. Білім алушыны келесі курсқа көшіру**

5.1. Білім алушының оқу жылы ішіндегі үлгерімінің орташа балын (GPA) Университетте белгіленгеннен төмен емес жинауы білім алушыны курстан курсқа көширудің міндетті шарты болып табылады.

5.2. 2022-2023 оқу жылына өту балының деңгейі ҚарТУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген 08.07.2022 ж. № 13 хаттама, оқу мерзімі мен нысанына қарамастан келесі студенттер үшін: 1-курс – 1,8; 2-курс – 2,0; 3- және одан жоғары курс – 2,2; 1-курстың ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистранттары үшін – 2,8; 1-курстың бейіндік бағытындағы магистранттар үшін – 2,4; 1-курс докторанттары үшін - 2,9, 2-курс магистранттары үшін - 3,0.

Студенттер, магистранттар мен докторанттар жазғы емтихан сессиясы аяқталғаннан кейін «Univer 2.0» АЖ-ны пайдалана отырып, жеке кабинетте GPA-ны тексеруге міндетті.

5.3. Білім алушыны келесі курсқа көшіру Академиялық саясат туралы қағиданың 8-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

5.4. Қосымша пәндерді оқу, академиялық қарыз бен академиялық айырмашылықты жою үшін оқытуды ұйымдастыру Академиялық саясат туралы қағиданың 9-бөліміне сәйкес жүргізіледі.

ҚарТУ Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітілген академиялық күнтізбеге сәйкес, 08.07.2022 ж. №13 хаттама, бакалавриат, магистратура және докторантура үшін жазғы семестр 05.06.2023 ж. - 15.07.2023 ж.аралығында өткізіледі.

5.5. Білім алушылардың қосымша пәндерді оқуға жазылуы күзгі семестрде - 08.09.2022 ж. дейін, көктемгі семестрде - 28.01.2023 ж. дейін, жазғы семестрде 03.06.2023 ж. дейін.

5.6. Оқытушылар қосымша оқыту жөніндегі барлық ведомостарды жазғы семестрдің соңғы аяқталған күнінен кешіктірмей тапсыруға міндетті.

**6. Оқу тәртібі**

6.1. Жеке оқу жоспарлары негізінде сабақтар кестесі жасалады, оны академиялық кезең басталғанға дейін бес күннен кешіктірмей оқу және әдістемелік жұмысқа жетекшілік ететін проректор бекітеді.

6.2. Аудиториялық сабақтардың кестесі байланыс сағаттары бойынша жасалады. Сабақтың басталуы сағат 9.00.

6.3. Оқытушының басшылығымен білім алушының өзіндік жұмысы (СОӨЖ) нақты уақытты

көрсете отырып, білім алушылармен келісілген жеке кесте бойынша оқытушылар өткізетін аудиториялық сабақтар және сабақтар түрінде кестеге сәйкес жүргізіледі.

6.4. Күндізгі бөлімде оқитын білім алушылар үшін, сондай-ақ ерекше жағдайлар үшін (карантин кезеңінде және т.б.) сабақтардың ұзақтығы мен уақыты Академиялық саясат туралы қағидада көрсетілген.

6.5. Сабақтар басталғанға дейін (және олардың арасындағы үзілістерде) зертханашылар мен ассистенттер қажетті оқу аппаратурасын дайындайды, аудиторияны желдетеді.

6.6. Сабақтар дүрмектерде, топтарда және кіші топтарда ұйымдастырылады. Топтағы білім алушылардың саны Академиялық саясат туралы қағидамен анықталады.

6.7. Әр топқа ҚарТУ 08-2021 «Оқу тобының старостасы» ӘН сәйкес жұмыс істеуге тиіс ең жақсы және тәртіпті студенттер арасынан староста және оның орынбасары тағайындалады.

6.8. Профессорлық-оқытушылар құрамы мен білім алушының оқу процесіндегі құқықтары мен міндеттері төмендегілермен анықталады:

– ҚарТУ Жарғысымен;
– Ішкі тәртіп ережелерімен;
– Академиялық саясат туралы қағидамен;

СМЖ құжаттарымен:

Құжатталған рәсімдер (ҚР)

- ҚарТУ ҚР II-07-2020 Оқу-ұйымдастыру процестерін басқару;
- ҚарТУ ҚР II-08-2021 Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің оқу-ұйымдастыру процестерін басқару;
- ҚарТУ ҚР IV-01-2021 Оқу қызметінің процестерін басқару

Ішкі нормативтік құжаттар

- ҚарТУ ІНҚ I-01 – 2021 ҚарТУ КеАҚ тәуекелдерін басқару

Қызмет түрі туралы қағида (ҚТҚ)

- ҚарТУ ІНҚ II-04-2021 Қызметкерлердің іссапарлары туралы
- ҚарТУ ІНҚ IV-08-2021 Қарағанды техникалық университетінің этикалық комиссиясы туралы;
- ҚарТУ ІНҚ IV-10-2021 ҚарТУ КеАҚ дуалды оқыту элементтерімен оқу процесін ұйымдастыру туралы

Ережелер (ЕР)

- ҚарТУ ЕР IV-02-2020 мәтіндік оқу құжаттары мен негізгі жазуларды рәсімдеуге қойылатын жалпы талаптар
- ҚарТУ ЕР II-07-2021 Қарағанды техникалық университеті КеАҚ білім алушыларының сыртқы академиялық ұтқырлық бағдарламасын дәстүрлі және қашықтықтан оқыту форматында ұйымдастыру туралы
- ҚарТУ ЕР IV-11-2020 Қарағанды техникалық университеті КеАҚ білім алушыларының дәстүрлі және қашықтықтан оқыту форматтарындағы ішкі академиялық ұтқырлық бағдарламасын ұйымдастыру туралы
- ҚарТУ ЕР IV-12-2021 Практикалар базасы ретінде ұйымдардың анықтамалары
- ҚарТУ ЕР IV-13-2021 Кәсіби практикаларды ұйымдастыру және өткізу

Әдістемелік нұсқаулықтар (ӘН)

- ҚарТУ ӘН IV-02-2020 Студенттерге сауалнама жүргізу арқылы білім беру қызметтерінің сапасына мониторинг
- ҚарТУ ӘН IV-06-2021 Дипломдық жобалау. Ұйымдастыру мен өткізуге қойылатын жалпы талаптар
- ҚарТУ ӘН IV-07-2021 Курстық жобалауды ұйымдастыру және жүргізу тәртібі
- ҚарТУ ӘН IV-08-2020 Зертханалық, практикалық және семинар сабақтарын ұйымдастыру және өткізу тәртібі
- ҚарТУ ӘН IV-11-2021 Академиялық топтың кураторы

6.9. Білім алушының міндеттері:

- Университет пен жатақхана аумағындағы ішкі тәртіп пен өзге де нормативтік құжаттарға

бағыну;

- «UNIVER 2.0» АЖ-дағы жеке кабинетті пайдалана отырып, оқытылатын пәндер бойынша аралық бақылау мен аттестаттау бағаларының дұрыстығын, GPA деңгейін қадағалау.

6.10. Оқытушы міндеттері:

- мемлекеттік білім стандарттары талаптарына сай студенттер, магистранттар, докторанттарды оқыту;
- педагогикалық процестің тиімді көмекшісі болу;
- заманауи тиімді оқу нысандарды, әдістер мен құралдарды қолдану;
- силлабустарда көрсетілген бағалау критерийлерін пайдалана отырып, барлық жұмыс түрлерін уақытылы қабылдау және тексеруді жүзеге асыру, студенттерге кері байланыс орнату;
- «UNIVER 2.0» АЖ-да уақытылы баға қоюды қамтамасыз ету;
- ҚарТУ ішкі ережелеріне және басқа нормативтік құжаттарға бағыну.

6.11. Оқу тәртібін, Университет пен жатақхананың Ішкі тәртіп ережелерін бұзғаны үшін, сондай-ақ Академиялық саясат туралы қағидада және басқа да нормативтік құжаттарда көрсетілген білім алушылардың міндеттерін орындамағаны үшін білім алушыларға мынадай тәртіптік жазалардың бірі қолданылуы мүмкін:

- ескерту;
- сөгіс;
- Университеттен шығару.

6.12. Тәртіптік ықпал ету шаралары қабылданған жағдайда: жоғарыда көрсетілген шаралар шығарылғаннан кейін университеттің ескертулері, сөгістері, оқудан шығарылуы, ақтауға ұсынылған медициналық анықтамалар және басқа да құжаттар олардың күшін жою үшін негіз болып табылмайды.

6.13. Осы өкімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

**Басқарма мүшесі -**
**Академиялық мәселелер жөніндегі проректор** **А. М. Темербаева**